**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2023 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2023 жылғы 25 мамырдағы № 84-ө өкімі.

1. Қоса беріліп отырған қабылдануы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2023 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық актілерді қабылдасын;

3) ай сайын, 30-ы күнінен кешіктірмей тізбеге сәйкес құқықтық актілердің әзірленуі және қабылдануы туралы ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі көрсетілген Заңды іске асыру жөніндегі ақпаратты талдап, қортындыласын және айдың 5-і күнінен кештірмей жиынтық ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

*Премьер-Министр* *Ә. Смайылов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2023 жылғы 25 мамырдағы
№ 84-ө өкімімен
бекітілген

**Қабылдануы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2023 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Орындауға жауапты | | Құқықтық актілердің сапасына, |

| Р/с № | Құқықтық актінің атауы | Актінің нысаны | мемлекеттік орган | Орындау мерзімі | уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын құру туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | АШМ | 2023 жылғы маусым | Ә.Ғ.Тамабек |
| 2 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | АШМ, Әділетмині, ЦДИАӨМ, ИИДМ | 2023 жылғы маусым | Ә.Ғ.Тамабек, Б.С.Молдабеков, Ә.Н.Тұрысов, А.Ө.Бейісбеков |
| 3 | Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрының ақпараттық жүйесін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бірлескен бұйрығы | АШМ, Әділетмині | 2023 жылғы маусым | Ә.Ғ.Тамабек, Б.С.Молдабеков |
| 4 | Жария кадастрлық картаны жүргізу қағидаларын бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығы | ЦДИАӨМ, АШМ, Әділетмині, ИИДМ | 2023 жылғы маусым | Ә.Н.Тұрысов, Ә.Ғ.Тамабек, Б.С.Молдабеков, А.Ө.Бейісбеков |
| 5 | Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы | АШМ, БҚДА (келісу бойынша) | 2023 жылғы маусым | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағаларын бекіту туралы | | | | Ә.Ғ.Тамабек, Р.Н.Ахметов |
| 6 | Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты нысаны бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы | Әділетмині | 2023 жылғы маусым | Б.С.Молдабеков, Ә.Ғ.Тамабек |
| 7 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы | АШМ | 2023 жылғы маусым | Ә.Ғ.Тамабек |
| 8 | Мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың жер учаскесін бөліп беру схемасын келісу бойынша үлгілік тізбесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы | АШМ, ИИДМ, ЦДИАӨМ | 2023 жылғы маусым | Ә.Ғ.Тамабек, А.Ө.Бейісбеков, Ә.Н.Тұрысов |
| 9 | "Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы | АШМ, ЦДИАӨМ | 2023 жылғы маусым | Ә.Ғ.Тамабек, Ә.Н.Тұрысов |
| | "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10 | туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығы | ЦДИАӨМ | 2023 жылғы маусым | Ә.Н.Тұрысов |
| 11 | "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 87 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығы | ЦДИАӨМ, АШМ, БҚДА (келісу бойынша) | 2023 жылғы маусым | Ә.Н.Тұрысов, Ә.Ғ.Тамабек, Р.Н.Ахметов |
| | "Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12 | түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 297 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы | АШМ, Қаржымині ЦДИАӨМ | 2023 жылғы маусым | Ә.Ғ.Тамабек, Д.О. Темірбеков, Ә.Н.Тұрысов |
| | "Жерлерді пайдалану және қорғау, мемлекеттік жер кадастры және жерлердің мониторингі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | н және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 502 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 101 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бірлескен бұйрығы | АШМ, ҰЭМ | 2023 жылғы маусым | Ә.Ғ.Тамабек, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Т.М.Жақсылықов |
| 14 | "Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне құқықтар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 27 наурыздағы № 255 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы | АШМ, ИИДМ | 2023 жылғы маусым | Ә.Ғ.Тамабек, А.Бейсенбекұлы |
| 15 | "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 7 қыркүйектегі № 359 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің бұйрығы | ЭТРМ | 2023 жылғы маусым | Н.Қ. Шәрбиев |
| 16 | "Техникалық паспорттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін | Қазақстан Республикасы | Әділетмині | 2023 жылғы маусым | Б.С.Молдабеков |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атқарушы 2007 жылғы 24 тамыздағы № 235 бұйрығының жарамсыз деп тану туралы | Әділет министрінің бұйрығы | | | |
| 17 | "Құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне ғимараттардың, құрылысжайлардың және ( немесе) олардың құрамдастарының жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу, мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жүргізу қағидалары мен мерзімдерін " Жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын және Жылжымайтын мүліктің бастапқы және кейінгі объектілеріне кадастрлық нөмір беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы | Әділетмині | 2023 жылғы маусым | Б.С.Молдабеков |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2013 жылғы 6 мамырдағы № 156 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы | | | | |
| 18 | "Жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы | Әділетмині | 2023 жылғы маусым | Б.С.Молдабеков |
| 19 | "Құқықтық кадастрда жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі түрде тіркеу жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 110 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы | Әділетмині | 2023 жылғы маусым | Б.С.Молдабеков |
| | "Жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерін мемлекеттік | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 20 | қала құрылысы кадастрының деректер базасында тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 172/НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы | ИИДМ | 2023 жылғы маусым | А.Ө.Бейісбеков | |
| 21 | "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізудің және одан ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсынудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 244 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы | ИИДМ | 2023 жылғы маусым | А.Ө.Бейісбеков | |
| 22 | "Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға дербес қабылдау қағидаларын, сондай-ақ қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму | ИИДМ | 2023 жылғы маусым | А.Ө.Бейісбеков | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 867 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | министрінің бұйрығы | | | |
| 23 | "Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы | ИИДМ | 2023 жылғы маусым | А.Ө.Бейісбеков |
| 24 | "Қала құрылысы жобаларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 505 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы | ИИДМ | 2023 жылғы маусым | А.Ө.Бейісбеков |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 25 | "Барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 706 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы | ИИДМ | 2023 жылғы маусым | А.Ө.Бейісбеков |
| 26 | "Сараптама комиссияларын (сараптама топтарын) құру және кешенді ведомстводан тыс сараптамаға және қала құрылысы сараптамасына қатысу үшін мамандарды (мамандандырылған институттар мен ұйымдарды) тарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 306 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы | ИИДМ | 2023 жылғы маусым | А.Ө.Бейісбеков |
| | "Қала құрылысы және құрылыс жобалары (техникалық-эко | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 27 | номикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттамалар) бойынша сараптама қорытындыларын ресімдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 305 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы | ИИДМ | 2023 жылғы маусым | А.Ө.Бейісбеков |
| 28 | ""Бір терезе" қағидаты бойынша құрылыс жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуді ұйымдастыру үшін портал мен ақпараттық жүйелерді жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 670 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы | ИИДМ | 2023 жылғы маусым | А.Ө.Бейісбеков |
| | "Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергия | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 29 | тиімділігі сыныптарын айқындау және қайта қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 399 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы | ИИДМ | 2023 жылғы маусым | А.Ө.Бейісбеков |
| 30 | "Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шеңберінде табиғи монополияр және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің міндеті қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 16 қаңтардағы № 6 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы | ҰЭМ, БҚДА ( келісу бойынша) | 2023 жылғы маусым | Т.М.Жақсылықов, Р.Н.Ахметов |

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

Әділетмині – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі;

БҚДА – Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі;

ИИДМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі;

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі;

ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі;

ЭТРМ – Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК